

УДК 930.85

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЛАТЫН ӘЛІПБИНЕ КӨШУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Абсаттаров О.С.,  
4 курс студенті, ҚМПИ  
Наурызбаева Э.К.,  
тарих ғылымдарының кандидаты,  
аға оқытушы  
Қостанай қ., Қазақстан*

### *Аннотация*

*Бұл мақалада 1929–1940 жылдары қолданылған латын әліпбиінің өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Қазақ халқының латын жазуын қолданылуы мен маңыздылығы тарихи түрде зерделеніп, латын әліпбиіне көшудің тиімді жақтары анықталған. Сонымен қатар мақалада, мұрағат материалдары кеңінен қолданылып, XX ғасырдың 20–40 жылдар аралығындағы латын тілінде жарияланған басылым беттері толығымен зерттеліп, талданған. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының болашақта латын әліпбиіне көшуінің негізгі мәселелері қарастырылған.*

### *Аннотация*

*В данной статье рассматриваются характерные особенности латинского алфавита, который применялся в 1929–1940 гг. Рассматриваются историческая роль перехода на латинский алфавит, издательские работы 20–40 годов XX века, приведены архивные материалы по данной теме. Представлены основные данные по переходу на латинский алфавит в Республике Казахстан.*

### *Abstract*

*This article discusses the characteristics of the Latin alphabet, which was used in the years 1929-1940. We consider the historical role and its pluses transition to the Latin alphabet. In addition, the article examines the publishing of 20-40 years of XX century, and hello archival materials on the topic. Hello basic data on the transition to hark alphabet Republic of Kazakhstan.*

*Түйінді сөздер:* латын тілі, әліппе, алфавит, кириллица, орыс графикасы.

*Ключевые слова:* латинский язык, азбука, алфавит, кириллица, русская графика.

*Key words:* Latin language, abc alphabet, alphabet, cyrillic, Russian graphics.

### **1. Кіріспе.**

Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2013 жылы Халыққа Жолдауында «Қазақ алфавитін 2025 жылдан бастап, латын графикасына көшіру үшін дайындықты осы бастан қолға алу қажет. Бұл қазақ тілін жаңғыртып қана қоймай, оны осы заманғы ақпарат тіліне айналдырады» – деді. Қазақ жазуы қоғам дамуының заманауи талаптарына лайық болу үшін латын графикасына көшу елдік, мемлекеттік деңгейдегі проблемаға айналды. Әлемдегі елдердің 70 пайыздан астамы латын тілін қолданады. XXI ғ. латын тілі – технология, ақпарат, коммуникация тіліне айналып отыр. Бұл латын тілінің экономикалық тиімділігін айқындайды. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ тілшілері осы мәселені қозғап, орыс жазуына негізделген қазақ жазуының әліпбиінен латын әліпбиіне көшу туралы жазған еді. Сол кезде кей ғалымдар көне түрік жазуын қолдаса, кейбіреулері Қытай, Моңғолия, Иран, Түркия, Ауғанстан мемлекеттерінде тұрып жатқан қандас бауырларымыздың араб жазуына негізделген қазақ жазуын қолданып жүргенін ескеріп, араб графикасына негізделген қазақ жазуын қолдаған болатын.

Дегенмен де, сол кездің өзінде-ақ латын жазуына негізделген әліпбиді қолдағандар басымырақ болғаны жасырын емес. Бүгінде бұлардың қатары көбеймесе азаймағаны анық.

## **2. Талқылау.**

Кейінгі тарихқа көз салсақ, Қ. Күдеринованың көрсетуінше, латын әліпбиінің алғашқы жобасы 1927-1928 жж. «Еңбекші қазақ», «Лениншіл жас», «Тілші» газеттерінде 24 әріп, 1 дәйекшемен жарияланды. Бұл алғашқы әліпби сол кездегі А. Байтұрсынов жасаған әліпбимен бірдей болды және өте дұрыс әзірленіп, жасалған әліпби еді, себебі теориялық база бірден-бір дұрыс еді. Латын әліпбиін енгізу әлі ерте деп Мәскеудегі жиналыста айтқанымен, латын жазуына негізделген қазақ жазуының жобасын Н. Төреқұлов 28 әріп бойынша әзірледі. 1929 жылы Қызылордада Т. Шонанұлы, Е. Омаров, Қ. Кемеңгеров, Қ. Жұбанов, Е.Д. Поливанов, т.б. қызу талқылаған конференцияда бұл әліпби жетілдірілді. Латын жазуына көшу баяу жүргеніне қарамастан, 1929 жылы қазақ жазуы ресми түрде латын әліпбиіне 29 әріппен көшті.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі 1929 ж.

Кесте 1.

Рет саны	Әріп	Фонема	Рет саны	Әріп	Фонема
1	А	А	16	В	б
2	Б	Ы	17	Д	д
3	О	О	18	Г	г
4	У	Ұ	19	Г	ғ
5	Е	Е	20	З	з
6	Ә	Ә	21	С	с
7	І	І	22	Н	н
8	Ө	Ө	23	М	м
9	У	Ү	24	Н	н
10	Р	П	25	Н	ң
11	Т	Т	26	V	у
12	К	К	27	L	л
13	Q	Қ	28	R	р
14	S	С	29	J	й
15	С	Ж			

Қабылданған әліпбидің кемшілігі ретінде **ә, ө, ы, ғ** дыбыстарының белгілері латын стандартына сәйкес алынбағанын айтуға болады. Осы кезден бастап латын графикасына қазақ тілі көндіге бастады.

1940 жылы қазақ жазуы кириллицаға негізделген графикаға көшірілді. Бұл ауыстыру саяси жағдайға байланысты болды. Б. Әбілқасымов пен Ш. Мәжітаева бұның себебін былай түсіндірді: «1910 жылдардан бастап А. Байтұрсынов араб жазуын қазақ халқының үндестік заңына ыңғайластырып реформалады, оның реформалаған жазуын бірден алу түркі жұрты ең озық жүйе деп таныса да, орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығын туғызатындығын түсінген орталық уақытша латын жазуын уағыздап, түркі халықтарына алғаш латын жазуын қабылдатты. 1937–1938 жылдардағы қуғын-сүргіннен кейін, зиялы қауымның көрнекті өкілдері атылып, айдалып кеткен соң, латын жазуынан орыс графикасына көшу идеясы көтеріліп, 1940 жылдан бастап түркі халықтары, оның ішінде, қазақтар да орыс графикасына халықтардың тілегі бойынша деген сылтаумен көшірілді.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев белгілегендей, жаңа әліпбиге көшуге дайындық кезінде 1929 ж. латынға КСРО түрік халықтарының жазу аударым тәжірибесін үйрену қажет, өйткені кейбір осы іс-шараның жүзеге асуының ұйымдастырушылық және ғылыми – тәжірибелік жақтарын қазіргі таңда да қолдана беруге болатын еді. Осы жағдайда құнды қайнар көздері 20–40-шы жж. мұрағат құжаттары болып табылады республика

мұрағаттарында, сонымен қатар Қостанай облысының мемлекеттік мұрағатында сақтаулы құжаттардан да табуға болады.

Сонымен қатар, ВКП (б) Қостанай округтік комитеті, ҚКП Қостанай облыстық комитеті, ҚКП және ҚЖЛКО, Амангелді, Жангелді, Жітіқара, Обаған ҚКП және ҚЖЛКО аудандық комитеттері, Қостанай округтік, облыстық атқарушы комитеттері, Қарабалық, Меңдіқара, Обаған аудандарының еңбекші депутаттар Кеңесі қорларында аймақты ұйымдастыру, мекемелердің іс жүргізуіне жаңа әліпбиді енгізу туралы құжаттар сақтаулы тұр. Латын әліпбиін енгізгеннен кейін бірнеше жыл бойы араб әліпбиін қолдануға рұқсат берілген, бұған мұрағат көздері дәлел болады, сондықтан XX ғасырдың 30-шы жылдардың ортасына дейін жоғарыда аталған қорларда араб графикасымен жазылған құжаттар бар, сондықтан жоғарыда аталған құжаттарда араб графикасымен жазылған, XX ғасырдың 30-шы жылдарының ортасына дейін құжаттар бөлігі бар.

Жоғарыда аталған қорлардағы 1929–1940 жылдардағы латын әліпбиін қолдану негізінде қазақ тілінде орындалған құжаттар белгілі қызығушылық тудырады. Бұл Қазақ КСР СНК және ҚазОАК, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің директивтері, Қостанай округтік атқару комитеті, облыстық атқару комитеті Президиумының қаулылары, аудандық атқару комитеті Президиумының мәжіліс және пленум хаттамалары, Кеңес съезд делегаттарының сауалнамалары, кеңестің ұйымдастырушылық-топтық жұмыстары туралы есептері, жоғарғы органдармен облыстық атқару комитетінің хат алмасулары, сонымен қатар аудандық атқару комитетінің аудандану, колхоз құрылысы, ауыл кеңесіне сайлану, егін және астық жинау компанияларын ұйымдастыру, халықтық білім беруді дамыту, қоныс аударушыларды орналастыру және т.б. мәселелер бойынша хат алмасулары. Аудан тұрғындарының сайлау құқықтарын қалпына келтіру туралы, колхозшы-озаттар тізімі, Торғай және Амангелді аудандары бойынша «Қазақстанға 15 жыл» белгісімен марапатталғандар тізімі, облыс колхоздары төрағалары тізімі, жұмысшылар мен қызметшілердің өмірбаяндары және өтініштері бар жеке істері, Обаған ауданы колхоздарының шаруашылық кітабы, колхоздарға жеткіншек – балаларды (14 жастан асқан) тәрбиелеуге қабылдау туралы Меңдіқара халықтық білім бөлімімен, аудан колхоздары, балалар коммунасымен және т.б. істерді құрайтын ерекше құжаттар бар.

Қостанай округтік жер басқармасы жерге орналастыру бөлімі, Ақтөбе облыстық жер басқармасы жерге орналастыру Қостанай аудандық бөлімі, «Целингипрозем» жерге орналастыру бойынша мемлекеттік жобалық институты Қостанай филиалы қорларында колхоздардың жер пайдалану (сельхозартель) шектеуін бекіту бойынша құжаттар бар, сонымен қатар колхоз мүшелерінің тізімі, Амангелді, Меңдіқара, Жітіқара, Обаған, Семиозер, Таран, Қостанай аудандары колхоздарын басқару мәжілісінің және колхозшылар жиналысының хаттамалары.

Қостанай облысының ауыл шаруашылық және өнеркәсіп Департаменті қорында колхоздардың жылдық есептері, облыс колхоздары бойынша ауыл шаруашылық мәдениетті саралау барысы туралы, жылқы шаруашылығы фермалары паспорты және т.б. бар.

«ҚОММ» ММ кітапхана қорында толықтай латын әліпбиі негізінде қазақ тілінде басылған, 1936–1937 жылдардағы «BOLSEBIKTİK GOL» газетінің таптырмайтын нөмірлері бар.

Қазақстан тәуелсіздігін жариялаған кезден бастап қазақ лингвистері мен зиялы қауымының арасында латын әліпбиіне көшудің пайдасы мен зияны туралы пікірталастар жүргізіле басталды. 2006 жылдың 24 қазанында өткен Қазақстан халықтары Ассамблеясының XII сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақ әліпбиін латынға көшіру жөніндегі мәселеге қайта оралу керек. Бір кездері біз оны кейінге қалдырған едік. Әйтсе де латын қарпі коммуникациялық кеңістікте басымдыққа ие және көптеген елдер, соның ішінде пост-кеңестік елдердің латын қарпіне көшуі кездейсоқтық емес. Мамандар жарты жылдың ішінде мәселені зерттеп, нақты ұсыныстармен шығуы тиіс. Әлбетте, біз бұл жерде асығыстыққа бой алдырмай, оның артықшылықтары мен кемшіліктерін зерделеп алуымыз керек» – деген бо-

латын. Латын әліпбиіне көшірілген көршілес мемлекеттердің тәжірибесін назардан тыс қалдырмауды да осы жиында тапсырған еді.

Бүгінге дейін латын қарпіне негізделген жаңа қазақ әліпбиінің дайын 10 нұсқасы бар екен. Ендігісі, тек нақты шешім қабылдау қалды. Солардың бірінешеуін ұсынатын болсақ: 1. Сейдін Бизақов, филология ғылымдарының докторы, профессор өзінің Ана тілі газетіне берген «Емлені ескеруіміз керек» атты мақаласында 41 әріпті құрайтын жаңа әліпбиін ұсыныпты.

Кесте 2.

Рет саны	Кирил	Латын	Рет саны	Кирил	Латын
1	А а	A a	21	Ө ө	Ө ө
2	Ә ә	Ә ә	22	П п	P p
3	Б б	B b	23	Р р	R r
4	В в	V v	24	Т т	T t
5	Г г	G g	25	У у	U u
6	Ғ ғ	G g	26	Ү ү	U u
7	Д д	D d	27	Ү ү	U u
8	Е е	E e	28	Ф ф	F f
9	Ё ё	Ё ё	29	Х х	X x
10	Ж ж	J j	30	Һ һ	H h
11	З з	Z z	31	Ц ц	C c
12	И и	Y y	32	Ч ч	C c
13	Й й	Y y	33	Ш ш	C c
14	К к	K k	34	Щ щ	Щ щ
15	Қ қ	Q q	35	Ы ы	I
16	Л л	L l	36	І і	I i
17	М м	M m	37	Э э	Э э
18	Н н	N n	38	Ю ю	Ю ю
19	Ң ң	N n	39	Я я	Я я
20	О о	O o	40	С с	S s
			41	Ж ж	C c

2. Келесі кестедегі әліпби латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиінің Арман Байқамдам ұсынған жобасы 26 таңбалы.

Кесте 3

№	Әліпби	Айтылуы	Транскрипциясы
1	Aa	a	[ʌ], [ə]
2	Bb	бы	[b]
3	Cc	сы	[k]
4	Dd	ды	[d]
5	Ee	e	[e]
6	Ff	фы	[f]
7	Gg	гі	[g:]
8	Hh	хы	[h]
9	Ii	и	[i], [i:]
10	Jj	жы	[j]
11	Kk	кі	[k:]
12	Ll	лы	[l]
13	Mm	мы	[m]

№	Әліпби	Айтылуы	Транскрипциясы
14	Nn	ны	[n]
15	Oo	о	[ɔ], [ɔ:]
16	Pp	пы	[p]
17	Qq	ғы	[g]
18	Rr	ры	[r]
19	Ss	сы	[s]
20	Tt	ты	[t]
21	Uu	ү	[ɛ], [ɛ:]
22	Vv	вы	[v]
23	Ww	у	[u], [u:]
24	Xx	Икс	[iks]
25	Yy	ы	[ɪ], [ɪ:]
26	Zz	зы	[z]

3. Филология ғылымдарының докторы Әлімхан Жүніспектің ұсынған әліпби қазіргі таңда ең үздіктердің қатарында тұр 26 таңбалы.

Кесте 4.

№	кирилше	латынша	аталуы	№	кирилше	латынша	аталуы
1	А а	<b>A a</b>	а	14	Ң ң	<b>Ń ń</b>	ың
2	Ә ә	<b>Ä ä</b>	ә	15	О о	<b>O o</b>	о
3	Б б	<b>B b</b>	бы	16	Ө ө	<b>Ö ö</b>	ө
4	Ғ ғ(-Г г)	<b>Ğ ğ(-G g)</b>	ғы(-гі)	17	П п	<b>P p</b>	пы
5	Д д	<b>D d</b>	ды	18	Р р	<b>R r</b>	ыр
6	Е е	<b>E e</b>	е	19	С с	<b>S s</b>	сы
7	Ж ж	<b>J j</b>	жы	20	Т т	<b>T t</b>	ты
8	З з	<b>Z z</b>	зы	21	У у	<b>W w</b>	ұу
9	Й й	<b>Y y</b>	ый	22	Ұ ұ	<b>U u</b>	ұ
10	Қ қ(-К к)	<b>Q q(-K k)</b>	қы(-кі)	23	Ү ү	<b>Ü ü</b>	ү
11	Л л	<b>L l</b>	ыл	24	Ш ш	<b>Š š</b>	шы
12	М м	<b>M m</b>	мы	25	Ы ы	<b>I i</b>	ы
13	Н н	<b>N n</b>	ны	26	І і	<b>İ i</b>	і

Болашақта латын әліпбиіне көшкенде 26 әріппен көшсек қана біз тілімізді өзінің үндесімі заңы негізінде сақтап қала аламыз. Зияткерлік ұлтты қалыптастыруда латын әліпбиіне тек осылай көшу ғана өзінің игі нәтижесін берері сөзсіз. Басында латын әліпбиіне 26 әріп бойынша көшу мынадай қиындықтар туғызатыны анық:

- 1) өз қазағымыздың өзі бір күнде «сауатсыз» болып қалатындай жағдай туындайды;
- 2) басқа ұлттардың түсінбестігі туатыны анық;
- 3) орфографиялық нормалар тұтасымен өзгертінi барлық халыққа қиындық туғызарды;
- 4) қаражат жұмсалады;
- 5) жер-су атауларын қайта жазу мәселесі дау-дамай тудырады;
- 6) бұрынғы тарихымыз, мәдениетіміздің мол мұрасы, кітаптар болашақ ұрпаққа түсініксіз болып қалуы ықтимал.

Дегенмен де, латын әліпбиіне 26 әріп бойынша көшсек, қазақтың болашақ таза қазақтық ұлтын қалыптастыратынымыз айдан анық. Латын әліпбиіне осылай көшсек, мынадай жақсылықтарға жетеміз:

- 1) қазақ тілінің басты үш дыбыстық заңы, атап айтқанда, буын үндестік заңы, дыбыс үндестік заңы, ерін үндестік заңы бұзылудан сақталады;
- 2) акцент пайда болып, дұрыс интонация нығая бастайды;

- 3) кірме лексика, терминдер сөздер үндестік заңдарына бағынады;
- 4) бірінші кластан бастап балалардың басын ауыртып келе жатқан, емлетануда қиындық туғызып жүрген, қазақ сөздерінде ешқашан дыбысталмайтын және болмайтын басы артық 16 әріптен құтыламыз;
- 5) сөйлеу мәдениеті көтеріліп, орфоэпиялық нормалар орфографиялық нормаларды ығыстыра бастайды, соның негізінде зияткерлік ұлт негізі қалыптаса бастайды;
- 6) латын әліпбиін меңгеру ақпараттық кеңістікке шығуды жеңілдетеді, яғни ғаламтор жүйесін халқымызға ана тілінде меңгеруге жол ашады;
- 7) басқа елде тұратын қандастарымызға өз тілінде ақпарат алуды жеңілдетеді.

### **3. Қорытынды.**

Сонымен сөзімізді қорытар болсақ, латын әліпбиіне көшу тәуелсіздігіне 22 жылдан астам уақыт өткен және халықаралық қауымдастықта беделді орынға ие болған Қазақстанның руханият саласындағы тәуелсіздігін айғақтайтын шара болып табылады. Сонымен қатар, әлемдік технологияда үздік дамыған елдер және туысқан түркі халықтарымен етене араласуына мол мүмкіндік береді. Оның үстіне бұл шара Қазақстанның бүгінгі руханиятын дамыту болып есептеледі. Сондай-ақ, ол тәуелсіздікті, әсіресе мәдени саладағы тәуелсіздікті бекемдей түседі. Сондықтан Қазақстан латынға неғұрлым тезірек көшсе, соғырлым ұтымды болмақ.

#### **Әдебиет тізімі**

- Қайдаров Ә. Латын әліпбиі ауызбірлікті күшейтеді // Егемен Қазақстан. 14 ақпан 2013 ж. – 3б.
- Қонысбай Қ. Латын әліпбиіне өту - тәуелсіз сана, ұлттық бірлік, түркілік ынтымаққа бастайтын тура жол // Айқын газеті. 21 қаңтар. 2013 ж. – 3 б.
- Смағұлқызы Т. Латын қарпіне көшудің жобасын таңдағанда басымдықты тіл мамандарына берген абзал // Заң газеті. 22 қаңтар. 2012 ж. – 1 б.
- Фазылжан А. Латын әліпбиіне көшу Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан елдерінде қалай жүргізілді? // Ана тілі. 24–30 қаңтар. 2013 ж. – 3 б.